

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1902 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 151 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2362. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) .

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту жөнінде" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 213 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1902 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің " Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 1-14 шілдеде жарияланған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 қарашадағы N 467, 2003 жылғы 21 наурыздағы N 97 қаулыларымен бекітілген толықтырулармен бірге) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережеде:

Ереженің 5-тармағының төртінші абзацы "кастодиандық шарт талаптарымен қабылданған қаражаттың инвестицияланбаған қалдықтарын шегеріп тастағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Реттелген борыш деп сонымен қатар, егер мұндай өтеу Ұлттық Банктің

қорытындысына сәйкес банктің қаржылық жағдайын нашарлатуға және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптарын бұзуға әкеліп соқтырмайтын жағдайларда заемшының бастамасы бойынша заемды мерзімінен бұрын (толық немесе, ішінара) өтеу мүмкіндігі шартта көзделген болса, 3) тармақшаны қоспағанда, осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін банктің Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінен немесе Азия Даму Банкінен не Халықаралық Қаржы Корпорациясынан тартылған заемы танылады."

2. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына, Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығына және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы